

Шет ауданының ОКЖ тарихынан

Шет аудандық орталық көпшілік кітапханасы 1956 жылы Шет ауданының Ақсу-Аюлы селосында құрылған, сол кезде кітап қоры бар–жоғы 200 дана болатын, кітапханада бір кітапханашы халыққа қызмет көрсетті.

1965-1976 жылға дейін Төлегенова Т. П –орталықтандырылған кітапхана жүйесін ұйымдастырушы, осы жүйенің алғашқы директоры аудандық көпшілік кітапханасында жұмыс істеген. 1976 – 2002 жылға дейін орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры болды. Аталған жылдары кітапханада кітап қоры 4500 дей дана кітап болған.

1977 жылы Мәдениет Министрінің марапатына ие болған.

Тың игерудің - 25 жылдығына орай Мәдениет Министрінің «Кітаптарды насихаттаудағы ерен еңбегі үшін» медалімен және көптеген алғыс хаттармен марапатталды. Қазіргі уақытта «Құрметті еңбек демалысында». Ещанова Г.С. 1976 жылы Алматы қаласындағы Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық институтының кітапханатану-библиография мамандығы бойынша оқу бітіріп, ауданға мемлекеттік жолдамамен келді. 1976–2002 жылдар аралығында аудандық орталық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. 2002 - 2012 жылдар аралығында орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры болып қызмет атқарды.

1988 жылы аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің құрамында:

- 1) Орталықтандырылған аудандық кітапхана
- 2) Аудандық балалар кітапханасы
- 3) 33 ауылдық кітапхана

Осы жылы Шет аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесіне (ГАЗ – 52 Кубанец» автокөлігі берілді. Ауыл шаруашылық науқандары кезінде барлық кітапхана филиалдары жылжымалы кітапханалар ұйымдастырылды. Оқырмандарға кітапханадан тыс қызмет көрсету мақсатында ОКЖ бойынша ауылдық кітапханаларға «Бригада күні» енгізілді.

Жыл аяғында кітап беру пунктерінде оқырман сандары 2954 адам, кітап берілімі–29004 данаға жетті. Просторный Асыл тұқымды заводының «Ақсу» бөлімшесіне (тұрғыны – 78, оның ішінде – 31 оқырман) кітапханалық қызмет библиобус арқылы көрсетілді.

1989 жылы кітапхана қоры жаңа 19433 дана кітаппен толықтырылды. 33 кітапханаға 10 рет іс-сапармен әдістемелік көмек көрсетілді. Аудандық кітапханада С.Бақбергеновтың «Ақ боз атты ару» атты кітабына оқырмандар конференциясы болды, осыған 40 оқырман қатысты. Ш.Айтматов пен Ф.Оңғарсынованың шығармаларына әңгіме өткізілді.

«Қамал бұзған-қаһарлы сөз» атты әдеби сазды кеш өткізілді, «Ақсуаю-линка» әйелдер клубы жұмыс істеді.

1995-1996 жылдардағы жаппай қысқарту кезінде кітапханалардың 95% жабылып, аудан көлемінде бар–жоғы төрт кітапхана халыққа қызмет көрсетті. Жабылып қалған 29–кітапхананың кітап қоры аудандық кітапханаға әкелініп, осы уақытқа дейін сақталуда. Осы жылдары аудандық балалар кітапха-

насы да жабылып, аудандық кітапханаға қосылды. Балаларға, жасөспірімдерге, ересектерге осы кітапхана арқылы қызмет көрсетіле бастады.

1997 жылы Ақадыр ауданы мен Шет ауданы қосылып, Шет ауданы болып қайта құрылды. Осы кезде Ақжал, Жамбыл, Мойынты кенттік кітапханалары және Өспен, Киік ауылдық кітапханалары орталықтандырылған кітапхана жүйесінің құрамына кіріп, аудан бойынша 9 кітапхана жұртшылыққа қызмет көрсетті.

1999 жылы 16 кітапхана халыққа қызмет көрсетті. 2000 жылы аудандық балалар кітапханасы мен Ақой ауылдық кітапханасы қайта ашылды. Шет аудандық балалар кітапханасы 1996 жылы жабылып қалғаннан кейін, 2000 жылы «Мәдениет қолдау» жылына жарты күндік жұмыс уақытымен Мұражай мекемесінің ішінен 2 бөлме беріліп, қайта ашылды. Алғаш ашылғанда орталық кітапханадан 4000 дана кітап қорымен ашылды. Кітапхана жабылып қалғанда Ы.Алтынсарин мектебіне берілген кітаптан 5335 дана кітап қайтарылды.

Осы кездегі оқырмандар саны 860 болды. 2002 жылы кітапхана толық бірлікке ауыстырылып, аудандық Казпошта бөлімшесінен 1 бөлмеге қайта көшірілді.

2008 жылы кітапхана жаңа заман талабына сай «Үлгілі кітапхана» болып ауыстырылды. Кітапхана жаңа жабдықтармен жабдықталып, жаңа технологиялармен толықтырылды.

2012 жылдан бастап қазіргі уақытта М.С.Нурпеисова орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры болып қызмет атқарады. 2014 жылы Аудандық орталық кітапханасы – «Шет аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ болып өзгертілді.



Кітапханаларымызда оқу және абонемент бөлімдері, библиография және кітап қорын реттеп – жинақтау бөлімдері бар, оқу бөлімінде оқырмандарға арналған интернет және wi-fi желісі қосылған компьютерлер, ноутбук, арқылы қызмет көрсетіледі. 2007 жылы аудандық орталық кітапхананың «Жас қыран» жастар клубы облыстық Ж. Бектуров атындағы жасөспірімдер кітапханасының «Қайнар» сыйлығын жеңіп алды. 2016 жылдың ақпан айынан негізгі бағыттары жас ақындар қызығушылығына бағытталған «Жансусар» клубы ашылып, жұмыс атқарып келе жатыр. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы Жайық Бектұров атындағы жасөспірімдер кітапханасының ұйымдастырумен аудан көлеміндегі кітапханалар арасында «Кітапханалық аукцион» ұйымдастырылды. Аукционға Шет ауданы Ақсу-Аюлы селосы «Шет аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ кітапханашысы Б.Амангелдин қатысып, жазушы Мұхтар Мағауинның «Бір атаның балалары» атты шығармасы бойынша «Буктрейлер» ұсынған болатын. Ұсынылған жұмыстар дауыс беру арқылы бағаланып, нәтижесінде атаулы буктрейлер барлық жұмыстарға қарағанда жоғарғы дауысқа ие болды. 2018 жылдың 5 шілдесінде оқу залынан коворкинг орталығы ашылды.

